



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 20 БАСПАСӨЗ - Р Е Л И З І
2011 жылғы 08 шілде**

**Қаржы нарығындағы жағдай туралы
(Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын
бақылау мен қадағалау комитетінің ресми
ақпараты бойынша)**

1. Банк секторы (алдын ала деректер бойынша)

2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторы 39 екінші деңгейдегі банктер ұсынған.


1 маусымдағы жағдай бойынша банктердің жиынтық активтері мамырда 56,2 млрд.теңгеге немесе 0,5%-ға азайып, 12 392,7 млрд.теңге болды.

1 маусымдағы банк секторының жиынтық есептік меншікті капиталы бір айда 62,7 млрд.теңгеге немесе 3,4%-ға өсіп, 1 905,9 млрд. теңге болды.


Шетел валютасында номинирленген активтер жиынтық активтерінің 33,1%-ы немесе 4 104,9 млрд. теңге болды.

1 маусымдағы жағдай бойынша банктердің несие портфелі (банкаралық заемдарды ескере отырып) мамырда 44,0 млрд.теңгеге немесе 0,5%-ға өсіп, 9 233,0 млрд.теңге болды. Бұл ретте, ҚР резидент еместерінің заемдары ағымдағы жылдың 1 маусымда несие портфелінің 1 281,3 млрд. теңге немесе 13,9%-ы болды (1.01.2011ж. осы көрсеткіш 1 803,3 млрд. теңге немесе 14,8% болды). 1 маусымдағы жағдай бойынша шетел валютасында берілген заемдар жиынтық несие портфелінің 47,2%-ы немесе 4 359,7 млрд. теңге болды.

Активтер, міндеттемелер және есептелген меншікті капитал



Банктердің несие портфелі



1.06.2011ж. екінші деңгейдегі банктердің несие портфелі бойынша, оның ішінде Қазақстан Республикасының резидент еместеріне берілген заемдар бойынша ақпарат


млрд. теңге

№	Банктің атауы	Несие портфелі	ҚР резидент еместердің заемдары	Банк жүйесі бойынша ҚР резидент еместерінің жиынтық заемдарындағы банктің ҚР	Несие портфеліндегі ҚР резидент еместерінің заемдар үлесі, %
1	"КАЗКОММЕРЦБАНК" АҚ	2 263,2	189,2	14,8	8,4
2	"БТА Банкі" АҚ	1 637,4	876,1	68,4	53,5

3	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	1 250,9	108,7	8,5	8,7
4	"АТФБанк" АҚ	834,2	56,0	4,4	6,7
5	"Банк ЦентрКредит" АҚ	764,4	24,9	1,9	3,3
6	"Альянс Банк" АҚ	574,3	15,1	1,2	2,6
7	"KASPI BANK" АҚ	305,2	0,0	0,0	0,0
8	"Еуразиялық Банк" АҚ	237,0	5,0	0,4	2,1
9	"Сбербанк" АҚ ЕБ	215,9	0,0	0,0	0,0
10	"Цеснабанк" АҚ	214,4	1,0	0,1	0,5
11	"ТЕМІРБАНК" АҚ	206,8	1,4	0,1	0,7
12	"Нұрбанк" АҚ	192,6	0,1	0,0	0,0
13	"HSBC BANK ҚАЗАҚСТАН" АҚ ЕБ	97,8	0,4	0,0	0,4
14	"Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ	74,9	-	0,0	0,0
15	"ЭКСИМБАНК ҚАЗАҚСТАН" АҚ ЕБ	60,8	-	0,0	0,0
16	"Қазинвестбанк" АҚ	53,8	0,0	0,0	0,0
17	"Delta Bank" АҚ	50,0	-	0,0	0,0
18	"Ситибанк Қазақстан" АҚ	43,9	0,0	0,0	0,0
19	"Хоум Кредит Банк" АҚ	33,4	0,0	0,0	0,0
20	"Астана-финанс" банкі" АҚ	17,3	-	0,0	0,0
21	Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ	16,7	-	0,0	0,0
22	"RBS (Kazakhstan)" ЕБ АҚ	14,6	0,0	0,0	0,0
23	"МЕТРОКОМБАНК" АҚ	11,0	0,0	0,0	0,1
24	"Қазинкомбанк" АҚ	9,9	-	0,0	0,0
25	"Банк Kassa Nova" АҚ	8,7	-	0,0	0,0
26	"AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)" АҚ	7,3	-	0,0	0,0
27	"Заман-Банк" АҚ	5,3	-	0,0	0,0
28	"Ситибанк Қазақстан" АҚ	4,4	-	0,0	0,0
29	"Банк Позитив Қазақстан" АҚ	4,3	0,1	0,0	1,2
30	"КЗИ БАНК" ЕБ" АҚ	3,9	0,1	0,0	2,0
31	"Кредит Алтын Банк" АҚ	3,6	-	0,0	0,0
32	"Сенім-Банк" АҚ	2,8	-	0,0	0,0
33	"ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫТАЙ БАНКІ" ЕҰ АҚ	2,8	-	0,0	0,0
34	"Шинхан Банк Қазақстан" АҚ	2,7	1,3	0,1	49,4
35	Қазақстандағы "Пәкістанның ҰБ" ЕҰ АҚ	2,2	-	0,0	0,0
36	"Алматы қ. Қытай СӨБ" АҚ	1,9	1,9	0,1	100,0
37	"Al Hilal" Ислам Банкі" АҚ	1,7	-	0,0	0,0
38	"ТАИБ ҚАЗАҚ БАНК" ЕБ АҚ	1,0	0,0	0,0	0,3
39	"Данабанк" АҚ	0,4	-	0,0	0,0
	Барлығы	9 233,0	1 281,3	100,0	13,9

1 маусымдағы жағдай бойынша банктердің кредиттік портфелінің құрылымындағы стандартты кредиттердің үлесі 25,3%, күмәнді – 54,3%, үмітсіз – 20,4% болды.

5 санаттағы күмәнді және үмітсіз заемдарға жататын кредиттер



сомасы (бірыңғай кредиттер бойынша провизияларды ескере отырып)² жиынтық несие портфелінің 3 033,5 млрд. теңге немесе 32,9% болды.

Ағымдағы жылғы 1 маусымдағы төлемдер бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар заемдар 2 418,7 млрд. теңге немесе банктердің несие портфелінің 26,2%-ы болды.

1 маусымдағы жағдай бойынша заемдар бойынша провизиялар (резервтер) көлемі 2 866,2 млрд. теңге немесе кредиттік портфелінің 31,0%-ы болды.

1 маусымдағы жағдай бойынша банк секторының жиынтық міндеттемелері 10 995,1 млрд. теңге болды және мамырда 111,6 млрд.теңгеге немесе 1,0%-ға азайды. Оның ішінде ҚР резидент еместері алдында міндеттемелері бір айда 49,2 млрд. теңгеге немесе 1,9%-ға өсіп, 2 607,9 млрд. теңгені құрады. ҚР резидент еместері алдындағы міндеттемелердің үлесі ағымдағы жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 23,7% (01.01.2011 жылы осы көрсеткіш 23,9%-ды құрады) болды.


Шетел валютасында номинирленген міндеттемелер ЕДБ жиынтық міндеттемелерінің 41,0% немесе 4 506,5 млрд. теңге болды.

Екінші деңгейдегі банктерде орналасқан салымдар

Атауы	(млрд. теңге)					
	01.05.2011		01.06.2011		, %	
	Барлығы	оның ішінде шетел валютасын да	Барлығы	оның ішінде шетел валютасын да	Барлығы	оның ішінде шетел валютасын да
Клиенттердің салымдары, оның ішінде:						
заңды тұлғалар	7 253,9	2 376,3	7 096,3	2 384,5	-2,2	0,3
жеке тұлғалар	4 874,0	1 360,2	4 721,3	1 389,9	-3,1	2,2
Арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдарының салымдары	2 379,9	1 016,1	2 375,1	994,6	-0,2	-2,1
	25,0	25,0	25,0	25,0	-0,1	-0,1

1 маусымдағы жағдай бойынша банктердің жиынтық активтеріне қатысты жоғары өтімді активтерінің үлесі 21,5% болды.

Екінші деңгейдегі банктер кірістерінің жиынтық сомасы 2011 жылғы 1 маусымда 1 335,0 млрд.теңге болды. Шығыстар сомасы – 1 326,4 млрд. теңге (есепті күнге 7,9 млрд. теңге құраған табыс салығын есептемегенде). Банктердің кірісі 1 маусымда – 0,7 млрд. теңге болды.



2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ЕДБ өтеуге дейін қалған төлем мерзімдері бойынша ҚР резидент еместері алдындағы міндеттемелері

Атауы	млрд. теңге Сомасы
талап еткенге дейін	270,4
1 айға дейін	32,9
1 айдан бастап 3 айға дейін	34,0
3 айдан бастап 6 айға дейін	89,9
6 айдан бастап 1 жылға дейін	153,3
1 жылдан бастап 2 жылға дейін	284,9
2 жылдан бастап 3 жылға дейін	309,0
3 жылдан бастап 5 жылға дейін	173,0
5 жылдан жоғары	1 204,6
Қаржылық емес міндеттемелер	56,0
ҚР резидент еместері алдындағы міндеттемелер	2 607,9

² Бірыңғай кредиттердің портфелі бойынша жұмыс істемейтін заемдар нақты құрылған провизиялардың сомасы ретінде есептеледі.

Мамырда банк заңнамасын бұзғаны үшін банктерге 9 жазбаша ескерту, 1 міндеттеме хат және 9 жазбаша ұйғарым шығарылды.

2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша сот шешімімен 2 банк мәжбүрлеп тарату барысында ("Валют-Транзит Банк" АҚ, "Наурыз Банк Қазақстан" АҚ).

2. Сақтандыру нарығы (алдын ала деректер бойынша)

2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша берілген лицензияларға сәйкес республиканың қаржы нарығында 38 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жұмыс істейді, бұл ретте өмірді сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензиясы 7 ұйымда бар, көлік құралдары иелерінің АҚЖ міндетті сақтандыру бойынша – 26 ұйымда бар, сондай-ақ сақтандыру қызмет көрсету нарығында 14 сақтандыру брокерлері және 79 актуарийлер қызметін жүзеге асырады.

5 айда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының жиынтық активтері 5,2%-ға өсіп, 1 маусымда 361,0 млрд. теңгені құрады. Жиынтық меншікті капитал 4,6%-ға өсіп, 218,3 млрд. теңгені құрады, сақтандыру резервтерінің сомасы 124,5 млрд. теңге болды.

1 маусымдағы жағдай бойынша тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 69,8 млрд. теңге болды, бұл 2010 жылғы ұқсас көрсеткіштен 7,9%-ға көп. Оның ішінде міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 15,5 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 20,2%-ға


өсуі), ерікті жеке сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылары 20,2 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 47,8%-ға өсуі), ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 33,9 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 10,8%-ға азаюы) болды.

«Өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 1 маусымда 8,8 млрд. теңге (01.06.2010ж. жағдай бойынша - 6,1 млрд. теңге), ал тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған жиынтық сақтандыру сыйлықақыларындағы өмірді сақтандыру үлесі (2010 жылғы 1 маусымда 9,4% болды) 12,6% болды.


1 маусымдағы жағдай бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 31,3 млрд. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 44,8%-ы болды, бұл ретте ҚР резидент еместеріне сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 33,5%-ы қайта сақтандыруға берілді (2010ж. 1 маусымдағы ҚР резидент еместеріне қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 51,5%).

2011 жылғы 5 айда тікелей сақтандыру шарттары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерінің көлемі 14,1 млрд. теңге болды, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 43,9%-ға көп. Оның ішінде міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерінің көлемі 4,7 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 27,0%-ға өсуі), ерікті жеке сақтандыру бойынша

Негізгі көрсеткіштер



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары



– 7,0 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 52,2%-ға өсуі) және ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 2,4 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 60,0%-ға өсуі) болды.

Қазіргі уақытта сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінде 27 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қатысады.

Мамырда сақтандыру нарығының қызметін реттейтін заңнама бұзушылығын болдырмау мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының атына 3 жазбаша ұйғарым, 1 міндеттеме хат жіберді.

2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 2 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары («Алтын Полис» СК» АҚ, және «Premier» сақтандыру» АҚ) мәжбүрлеп тарату барысында, 1 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ерікті тарату барысында («Темір Ат» СК» АҚ).

3. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі (алдын ала деректер бойынша)

2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 13 жинақтаушы зейнетақы қорлары жұмыс істейді, олардың республика аймақтарында 76 филиалдары және 51 өкілдіктері бар.

Зейнетақы жарналарын тартуға және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға лицензияны 13 жинақтаушы зейнетақы қоры иеленеді және барлық 13 қорда зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензиялары бар. Мамырда жинақтаушы зейнетақы қорларға зейнетақы жарналарын тартуға және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға, сондай-ақ зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензиялар берілген жоқ.

2011 жылғы 1 маусымда міндетті зейнетақы жарналарын бойынша шоттардың саны 2 413,3 млрд. теңге жалпы жинақталған зейнетақы қаражаттар сомасымен 8 035 057 болды. Ағымдағы жылғы қаңтар-мамырда міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны 45 275 бірлікке (0,6%-ға) өсті. Жинақталған зейнетақы қаражаты 160,7 млрд. теңгеге (7,1%-ға) өсті.

2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ерікті зейнетақы жарналарын бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 1,2 млрд. теңгемен 38 812 болды. Жыл басынан ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың шоттарының саны 722 бірлікке (1,8%-ға) азайды.


Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2011 жылғы 1 маусымда жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 102,2 млн. теңгемен 4 089 шоты болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы қаңтар-мамырда 160,8 млрд. теңгеге (7,1%-ға) өсіп және 2011 жылғы 1 маусымда 2 419,0 млрд. теңге болды. Зейнетақы жарналарының жалпы келіп түсуі қаңтар-мамырда 153,2 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылар (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кірістің сомасы (комиссиялық сыйақыларды қоспағанда) қаңтар-мамырда 9,8 млрд. теңгеге азайды және 2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 561,6 млрд. теңге болды.

Салымшылар (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі 2011 жылғы 1 маусымда 25,5% болды.

Зейнетақы жарналарының, "таза" инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы



Зейнетақы төлемдері мен жинақтаушы зейнетақы қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 197,6 млрд. теңге болды.

2011 жылғы қаңтар-мамырда қорлар алушыларға зейнетақы төлемдерін жалпы сомасы 29,9 млрд. теңгеде жүзеге асырды. Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екіншісіне аудару 2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 1 347,4 млрд. теңге болды.

2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша орташа алынған номиналды кіріс коэффициенттері мыналарды құрады:

- 5 жылғы кезеңде (2006 жылғы мамыр – 2011 жылғы мамыр) - 34,61% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 61,52%). Түзетілген орташа алынған номиналды кіріс коэффициенті - 34,29%;

- 3 жылғы кезеңде (2008 жылғы мамыр – 2011 жылғы мамыр) - 13,00% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 25,62%);

- 12 айға (2010 жылғы мамыр – 2011 жылғы мамыр) - 4,42% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 8,30%).

2011 жылғы 1 маусымда бағалы қағаздардың шығарылымы бойынша эмитенттер дефолт жіберген бағалы қағаздардың үлесі жалпы зейнетақы активтер көлемінің 0,87% болды, абсолюттік көрсеткіште 21,2 млрд.теңгені құрады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының жекелеген нормаларын орындамағаны үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына 4 жазбаша ұйғарым, 4 міндеттеме хат талап етілді.

2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша соттың шешімімен 2 жинақтаушы зейнетақы қоры: «Валют – Транзит Қоры» ЖЗ» АҚ, «Қорғау» ЖЗҚ» мәжбүрлеп тарату барысында.


4. Бағалы қағаздар нарығы

2011 жылғы 1 маусымда корпоративті бағалы қағаздар нарығында қолданыстағы шығарылымдары бар акционерлік қоғамдар саны қоғамның 2 165 болды. Сондай-ақ нарықта 76 брокер-дилер, 10 тіркеуші, 10 кастодиан банк, 16 зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдары (ЗАИБЖАҰ), 37 инвестициялық портфельді басқарушы және 3 трансфер-агент жұмыс істейді.

Мамырда 63 акциялар шығарылымы (акция шығарылымдарын ескере отырып, олардың проспектілеріне өзгерістер енгізілген және мемлекеттік тіркелім туралы куәлігі ауыстырылған) тіркелді.

Сондай-ақ мамырда облигациялық бағдарламалар шеңберінде жалпы номиналды құны 10,0 млрд.теңге болатын 1 облигациялар шығарылымы тіркелді. Есепті кезеңде жалпы номиналды құны 649,5 млрд.теңге болатын 22 облигациялар шығарылымы өтелді. 2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша қолданыстағы облигациялар бағдарламасының саны жалпы номиналды құны 3 921,8 млрд.теңге болатын бұрынғыша 72 шығарылымды құрады.

2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша айналыста мемлекеттік емес қолданыстағы облигациялар шығарылымдарының саны 358 болды, олардың жалпы номиналды құны 5 331,5 млрд. теңге болды.



Бағалы қағаздар нарығында қолданыстағы инвестициялық пай қорларының саны 2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 151 (115 – жабық, 12 – ашық және 24 – аралық) болды. Сондай-ақ есепті күнге 32 акционерлік инвестициялық қоры жұмыс істеуде.

KASE ресми тізіміне енгізілген ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының шығарылымдар саны 2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша: «Борыштық бағалы қағаздар» секторы бойынша – 239 шығарылым, «Акциялар» секторы бойынша – 89 шығарылым және «Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары» секторы бойынша – 2 шығарылым болды.

2011 жылғы мамырда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының жекелеген нормаларын орындамағаны үшін бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына қатысты 2 жазбаша ұйғарым және 3 міндеттеме хат талап етілді.

5. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының секторы (алдын ала деректер бойынша)

2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша республиканың қаржы нарығында банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиялары бар 6 ипотекалық ұйымы және 10 банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымы жұмыс істейді.

2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдарының жиынтық активтер сомасы мамырда 0,6 млрд. теңгеге немесе 0,5%-ға өсіп 121,2 млрд. теңге болды.

2011 жылғы 1 мамырдағы деректермен салыстырғанда жиынтық міндеттемелері 0,6 млрд. теңге немесе 0,7%-ға өсіп және 90,5 млрд. теңге болды. Ипотекалық ұйымдардың балансы бойынша меншікті капитал 30,7 млрд. теңге болды.



Есепті күнге ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі 74,5 млрд. теңге болды, бұл ағымдағы жылдың 1 мамырдағы көрсеткіштен 0,4 млрд. теңгеге немесе 0,5%-ға төмен.

Ипотекалық ұйымының кредиттік портфелінің құрылымында 2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша стандарты кредиттердің үлесі 79,6% болды, күмәнді – 11,5%, үмітсіз – 8,9%. 2011 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша стандарты кредиттердің үлесі 78%, күмәнді – 13,2%, үмітсіз – 8,8% болды.

2011 жылғы мамырда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының жекелеген нормаларын орындамағаны үшін банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының атына 2 жазбаша ұйғарым жіберілді.

6. Қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың мүдделерін қорғау (алдын ала деректер бойынша)

2011 жылғы мамырда Комитетке жеке және заңды тұлғалардан 419 өтініш келіп түсті, оның ішінде: 380 жазбаша өтініш, электрондық адреске келіп түскен - 25 өтініш, факсимильді байланыс арқылы – 14 өтініш.



Бұл ретте, есепті кезеңде жеке тұлғалардың 170 өтініштері бар 12 ұжымдық өтініш келіп түсті.

Сонымен, Комитетке келіп түскен өтініштердің жалпы саны 2011 жылғы мамырда 577 болды.

Келіп түскен 419 өтініштің ішінде:

– 242 өтініш - екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі – банктер) қызметіне қатысты (жалпы санының 57,76%), 283 қаралған өтініштің (өткен кезеңдерде келіп түскен 196 өтінішті қоса алғанда) - 1 негізделген (қаралған өтініштердің жалпы санының 0,35%);

– 29 өтініш - банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметіне қатысты (жалпы санының 6,92%), 46 қаралған өтініштің (өткен кезеңдерде келіп түскен 27 өтінішті қоса алғанда) - 0 негізделген;

– 17 өтініш – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметіне қатысты (жалпы санының 4,06%), 23 қаралған өтініштің (өткен кезеңдерде келіп түскен 20 өтінішті қоса алғанда) – 0 негізделген;

– 5 өтініш – бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметіне қатысты (жалпы санының 1,19%), 6 қаралған өтініштің (өткен кезеңдерде келіп түскен 6 өтінішті қоса алғанда) – 0 негізделген;

– 33 өтініш – жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі – ЖЗҚ) қызметіне қатысты (жалпы санының 7,88%), 17 қаралған өтініштің (өткен кезеңдерде келіп түскен 11 өтінішті қоса алғанда) – 0 негізделген;

– 81 Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына және Комитет құзыретіне кіретін өзге мәселелер бойынша түсіндірмелер беру туралы жеке және заңды тұлғалардың (оның ішінде қаржы ұйымдардың) сұратулары (жалпы санының 19,33 %);

– 12 өтініш - Комитеттің құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша (жалпы санының 2,86%).

Төменде 2011 жылғы мамыр айындағы банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сақтандыру нарығында қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, ЖЗҚ, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, акционерлік қоғамдар бөлігіндегі өтініштер туралы және өтініштердің жалпы көлеміндегі олардың үлес салмағы жөнінде мәліметтер келтірілген:

1-кесте

№	Қаржы нарығының субъектілері (қаржы ұйымдары, акционерлік қоғамдар)	Есепті кезеңде			
		Келіп түскен өтініштер		Қаралуы аяқталған	Есепті кезеңнің соңында қарау үстінде
		Саны	Қаржы нарығының тиісті секторындағы келіп түскен өтініштердің үлес салмағы, %	Саны**	
<i>Екінші деңгейдегі банктер</i>					
1	«Альянс Банкі» АҚ	44	18,18	13	31
2	«Казкоммерцбанк» АҚ	44	18,18	19	25
3	«БТА Банкі» АҚ	38	15,70	8	30
4	«Банк ЦентрКредит» АҚ	18	7,44	7	11
5	«АТФБанк» АҚ	17	7,04	10	7
6	«Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ	16	6,62	3	13

7	«Темірбанк» АҚ	14	5,79	2	12
8	«Kaspi Bank» АҚ	13	5,37	2	11
9	«Еуразиялық банк» АҚ	5	2,08	4	1
10	«Валют-Транзит Банк» АҚ (таратылатын банк)	4	1,66	4	0
11	«Нұрбанк» АҚ	4	1,66	1	3
12	«Хоум Кредит Банк» АҚ	3	1,24	1	2
13	«Цеснабанк» АҚ	3	1,24	0	3
14	«Астана-Финанс» банкі» АҚ	2	0,83	2	0
15	«ҚАЗАҚСТАН-ЗИРААТ ИНТЕРНЕСНЛ БАНК» ЕНШІЛЕС БАНКІ» АҚ	1	0,41	1	0
16	«Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ	1	0,41	0	1
17	«Крамдс Банк» АБ (таратылатын банк)	1	0,41	1	0
18	«Қазақстан Даму Банкі» АҚ	1	0,41	1	0
19	АО «Наурыз Банк Қазақстан» (таратылатын банк)	1	0,41	1	0
20	Қазақстан Республикасы Премьер- Министрінің Кеңесі жіберген 8 өтініш берушінің ұжымдық өтініші	1	0,41	1	0
21	Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің тапсырмасымен жіберген 9 өтініш берушінің ұжымдық өтініші	1	0,41	1	0
22	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жіберген 28 өтініш берушінің ұжымдық өтініші	1	0,41	1	0
23	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жіберген 7 өтініш берушінің ұжымдық өтініші	1	0,41	0	1
24	Қазақстан Республикасы Премьер- Министрінің Кеңесі жіберген 7 өтініш берушінің ұжымдық өтініші	1	0,41	0	1
25	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жіберген 21 өтініш берушінің ұжымдық өтініші	1	0,41	1	0
26	4 өтініш берушінің ұжымдық өтініші	1	0,41	1	0
27	Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің тапсырмасымен жіберген 9 өтініш берушінің ұжымдық өтініші	1	0,41	1	0
28	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жіберген 2 өтініш берушінің ұжымдық өтініші	1	0,41	0	1
29	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жіберген 13 өтініш берушінің ұжымдық өтініші	1	0,41	0	1
30	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жіберген 29 өтініш берушінің ұжымдық өтініші	1	0,41	0	1

31	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жіберген 14 өтініш берушінің ұжымдық өтініші	1	0,41	1	0
	Жиынтығы:	242	100 57,76*	87	155
<i>Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар</i>					
1	«БТА Банкі» АҚ «БТА Ипотека» ЕИҰ» АҚ (лицензия ерікті түрде қайтарылды)	22	75,86	15	7
2	«Астана-финанс» Ипотекалық ұйымы» АҚ	4	13,79	2	2
3	«ҚазАгроҚаржы» АҚ	1	3,45	1	0
4	«Элитстрой Финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ	1	3,45	0	1
5	«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» АҚ	1	3,45	1	0
	Жиынтығы:	29	100 6,92*	19	10
<i>Сақтандыру нарығы</i>					
1	«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ	3	17,68	0	3
2	«Астана-Финанс» Сақтандыру компаниясы» АҚ	1	5,88	0	1
3	«ЭкоПолис» СК» АҚ	1	5,88	0	1
4	«Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ	1	5,88	1	0
5	«Amanat insurance» СК» АҚ	1	5,88	0	1
6	«Халық - Казахинстрах» Қазақстан Халық Банкі еншілес сақтандыру компаниясы» АҚ	1	5,88	0	1
7	«БТА Страхование» БТА Банкінің еншілес компаниясы» АҚ	1	5,88	0	1
8	«ТрансОйл» СК» АҚ	1	5,88	0	1
9	"Коммеск-Өмір" СК" АҚ	1	5,88	1	0
10	«АСКО» СК» АҚ	1	5,88	0	1
11	«Алатау» СК» АҚ	1	5,88	0	1
12	«САЯ» СК» АҚ	1	5,88	0	1
13	«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	1	5,88	0	1
14	«НАСКО-Қазақстан» халық сақтандыру компаниясы» АҚ	1	5,88	1	0
15	«Premier Сақтандыру» АҚ (таратылатын компания)	1	5,88	0	1
	Жиынтығы:	17	100 4,06*	3	14
<i>Бағалы қағаздар нарығы</i>					
1	«Алматы жылжымайтын мүлік қоры» АҚ	1	20	0	1
2	«Ынтымақ» АҚ	1	20	0	1
3	«Мұнайгазинвест» АҚ	1	20	0	1
4	«Fattah Finance» АҚ	1	20	0	1
5	«Центр ДАР» АҚ	1	20	0	1
	Жиынтығы:	5	100 1,19*	0	5
<i>Жинақтаушы зейнетақы жүйесі</i>					
1	«БТА Қазақстан ЖЗҚ» АҚ «БТА Банкі» АҚ ЕҰ	16	48,48	0	16
2	«АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН» Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» АҚ	5	15,16	2	3

3	«ҰларҮміт» ЖЗҚ» АҚ	4	12,12	1	3
4	«МұнайГаз – Дем» ЖЗҚ» АҚ	2	6,06	1	1
5	«ГРАНТУМ» ЖЗҚ» АҚ	2	6,06	2	0
	«МЖЗҚ» ЖЗҚ» АҚ	1	3,03	0	1
6	«Атамекен» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ «Нұрбанк» АҚ еншілес ұйымы	1	3,03	0	1
7	«РЕСПУБЛИКА» ЖЗҚ» АҚ	1	3,03	0	1
8	«Қазақмыс» ЖЗҚ» АҚ	1	3,03	0	1
	Жиынтығы:	33	100	6	27
			7,88*		
	ЖИЫНТЫҒЫ:	326	77,81**	115	211

*- өтініштің жалпы санындағы сектордың үлес салмағы

** - барлық өтініштер негізделген болып табылған жоқ

Банк секторы

2011 жылғы мамырда Комитетке банк қызметінің мәселелері бойынша **242** өтініш келіп түсті.

Мынадай мәселелер халық үшін өзекті болып қалуда:

- заемдарды өтеу бойынша мерзімін ұзарту мүмкіндігін беру, ипотекалық заемдар бойынша сыйақы ставкасын азайту жағына қарай қайта қарау және заемдар бойынша өсімпұлды алып тастау арқылы заемдарды қайта құрылымдау;

- заемдар бойынша борыштарды кешіру, оның ішінде мемлекеттік көмек көрсетуді қоса;

- заем бойынша сыйақы ставкаларын көтеру;

- кепілге салынған мүлікті сотпен /соттан тыс сату;

- заем бойынша ай сайынғы төлемді, сыйақы мөлшерін, есептелген өсімпұлды есептеудің дұрыстығын тексеру;

- салымдарды қайтару;

- пластикалық карталармен жасалатын операциялар.

Жеке және заңды тұлғалардың барлық жоғарыда аталған және өзге де сұратулары бойынша тиісті түсіндірмелер берілді.

Есепті кезеңде жеке тұлғалардың өтініштерін қарау нәтижесі бойынша Комитет мыналардың қызметтерінде бұзушылықтарды анықтады:

«Темірбанк» АҚ:

- Қарағанды облыстық сотының Азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының тұрғын үйден шығару және сауда-саттықты тану туралы ұйғарымын, пәтерді сауда-саттықта сатып алғаны туралы растауды, банктік заем шартын және оған қосымша келісімді, ипотекалық куәлігін қарау нәтижелері бойынша жарамсыз болуына байланысты және кепілге салынған жылжымайтын мүлікті (пәтерді) сатудың мерзімін ұзартуда Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі № 359 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктерде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуына қойылатын талаптар жөніндегі нұсқаулықтың 10-тармағы және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 23 ақпандағы № 49 қаулысымен бекітілген Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесінің 8-тармағы 17, 19-21) тармақшаларының бұзылғаны айқындалды, осыған сәйкес банкке қатысты жазбаша ұйғарым түрінде шектеулі ықпал ету шарасы қолданылды;

«Банк ЦентрКредит» АҚ:

- жеке тұлғаның өтінішін қарау үшін Комитет сұратқан ақпарат пен құжаттарды белгіленген мерзімде бермеуіне байланысты банкке қатысты жазбаша ұйғарым түрінде шектеулі ықпал ету шарасы қолданылды.

Есепті кезеңде жеке тұлғалардың өткен есепті кезеңдерінде келіп түскен өтініштерін қарау нәтижесі бойынша Комитет мыналардың қызметтерінде бұзушылықтарды анықтады:

«Метрокомбанк» АҚ:

- банктік заем шарттарында көрсетілген ставка мөлшерінен асырып сыйақы ставкасы бойынша есептелетін сыйақыны есептеу бөлігінде банктік заем шарттарының талаптары бұзылған, осыған сәйкес банкке қатысты жазбаша ұйғарым түрінде шектеулі ықпал ету шарасы қолданылды;

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ:

- алушының зейнетақы төлемдерін есепке алу үшін заңсыз комиссия ұстау бөлігінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 шілдедегі № 661 қаулысымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру ережесі 13-тармағы бұзылды, осыған сәйкес банкке қатысты жазбаша ұйғарым түрінде шектеулі ықпал ету шарасы қолданылды.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар

2011 жылғы мамырда Комитетке банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар қызметінің мәселелері бойынша **29** өтініш келіп түсті.

Есепті айда келіп түскен өтініштер мынадай мәселелерге қатысты болды:

- заемдарды мерзімін ұзарту және ай сайынғы төлемді азайту жолымен қайта құрылымдау;

- заемдарды қайта қаржыландыру;

- кепілге салынған мүлікті сотпен /соттан тыс сату.

Жеке және заңды тұлғалардың барлық жоғарыда аталған және өзге де сұратулары бойынша тиісті түсіндірмелер берілді.

Сақтандыру нарығы

2011 жылғы мамырда Комитетке сақтандыру қызметінің мәселелері бойынша **17** өтініш келіп түсті, оның ішінде:

міндетті сақтандыру бойынша – 12 өтініш;

ерікті сақтандыру бойынша – 1 өтініш;

сақтандыру сыныбы көрсетілмеген – 4 өтініш.

Өтініштердің негізгі бөлігі сақтандыру ұйымдарының міндетті және ерікті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмау, уақтылы және толық емес жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сақтандыру заңнамасы нормалары бойынша түсініктемелер бері мәселелеріне қатысты болды.

Жеке және заңды тұлғалардың барлық жоғарыда аталған және өзге де сұратулары бойынша тиісті түсіндірмелер берілді.

Бағалы қағаздар нарығы

2011 жылғы мамырда Комитетке сақтандыру қызметінің мәселелері бойынша **5** өтініш келіп түсті.

Өтініштер акцияларды тіркеу, айырбастау және акция құнын есептеу тәртібі, сондай-ақ дивиденттер төлеу бөлігінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы бойынша түсініктемелер алуға қатысты болды.

Жеке және заңды тұлғалардың барлық жоғарыда аталған және өзге де сұратулары бойынша тиісті түсіндірмелер берілді.

Есепті кезеңде жеке тұлғалардың өтініштерін қарау нәтижесі бойынша Комитет мыналардың қызметтерінде бұзушылықтарды анықтады:

«Еуразиялық энергетикалық корпорациясы» АҚ:

- акционердің сұратуына құжаттар бермеу бөлігінде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 14-бабы 7) тармақшасының талаптары бұзылды, осыған байланысты компанияға қатысты жазбаша ұйғарым түрінде шектеулі ықпал ету шараларын қолдану туралы мәселе қаралуда.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі

2011 жылғы мамырда Комитетке ЖЗҚ қызметінің мәселелері бойынша **33** өтініш келіп түсті.

Есепті кезеңде қаралып отырған шағымдар мен өтініштердің елеулі бөлігі мынадай мәселелерге қатысты болды:

- салымшының ниетін білдірусіз не зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасамастан жинақталған зейнетақы қаражатын аудару;
- жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан басқасына аудару нәтижесінде оның азаюы;
- жинақталған зейнетақы қаражатын төлеуден бас тарту.

Жеке және заңды тұлғалардың барлық жоғарыда аталған және өзге де сұратулары бойынша тиісті түсіндірмелер берілді.